

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«МИНИСТЕРСТВО
КУЛЬТУРЫ И ИНФОРМАЦИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

010000, Астана қаласы, Министрліктер үйі
Мәңгілік Ел даңғылы, 8, 14-кіреберіс
тел.: 8 (7172) 74-13-12, 74-13-33
e-mail: k.kense@mki.gov.kz

010000, город Астана, Дом Министерств
проспект Мәңгілік Ел, 8, 14 подъезд
тел.: 8 (7172) 74-13-12, 74-13-33
e-mail: k.kense@mki.gov.kz

№

Қазақстан Республикасы «Ауыл» партиясының депутаттарына

2025 жылғы 16 қаңтардағы
№ ДС-4 депутаттық сауалға

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі (бұдан әрі – *Министрлік*) жоғарыда көрсетілген депутаттық сауалды өз құзыреті шеңберінде қарап, мынаны хабарлайды.

Министрлік өз құзыреті шеңберінде қоғамда еңбек адамы бейнесін қалыптастыруды ақпараттық сүйемелдеуді және ілгерілетуді қамтамасыз етеді.

Ақпараттық жұмыстың мақсаты жастар арасында еңбектің, өз бетінше жұмыс істеудің және прагматизм құндылықтарын дамыту болып табылады.

1-тармақ бойынша. «Хабар», «24.kz», «Qazaqstan», «Atameken Business Channel» және т.б. телеарналарда әртүрлі мамандық өкілдерінің қатысуымен телебағдарламалардың шығарылымы қамтамасыз етіледі.

Сондай-ақ Министрлік «Хабар» телеарнасында жұмысшы мамандықтар жылына арналған 3 бөлімнен тұратын деректі фильмдер сериясын көрсетуді ұйымдастыруды жоспарлауда.

Бұдан басқа аталған телеарна сантехник, аспаз, құрылысшы және басқа да жұмысшы кәсіптер өкілдерінің қатысуымен (*қазақ және орыс тілдерінде*) роликтер дайындап, эфирде көрсетуде.

Бұдан басқа «Qazaqstan» телеарнасы биыл «Еңбек адамы» бағдарламаларының циклін ұсынатын 20-ға жуық әртүрлі сала мамандарын насихаттайтын арнайы жоба шығаруды жоспарлауда. Сондай-ақ жұмысшы мамандықтары туралы роликтер дайындалуда. Ағымдағы жылғы ақпан-наурыз айлары аралығындағы кезеңде жұмысшы мамандықтарының қоғамдағы ролін, маңыздылығын көрсететін әлеуметтік роликтерді эфирге шығару жоспарлануда.

Сонымен қатар «Ыстық ұя» телехикаясы көрерменге жол тартады. Сериал фазенда иелерінің қажырлы еңбегі туралы сыр шертеді.

Сонымен бірге «24KZ» телеарнасында дәнекерлеуші, шахтер, жүргізуші сияқты мамандықтар туралы бірқатар сюжеттер дайындалып, оны

жаңалықтарда шығару ұйымдастырылмақ.

«Almaty TV» телеарнасы 12 маман иелері туралы «Еңбек етсең» атты бағдарлама дайындауда. Аталған бағдарлама мұғалімнің, полиция қызметкерінің, өрт сөндірушінің, балабақшадағы тәрбиешінің, жедел жәрдем фельдшерінің, құрылысшының, кітапханашының, халыққа қызмет көрсету орталығы менеджерінің, волонтерлердің, коммуналдық қызметтерді көрсетушілердің, троллейбус жүргізушісінің, теміржолшылардың жұмысы туралы тереңнен тарқатады.

Бұдан басқа «Almaty TV» телеарнасындағы «Таңғы студио» ақпараттық бағдарламасы шеңберінде студияға әртүрлі сала мамандарын шақырып, әңгіме-дүкен құру көзделуде.

Сонымен қатар жұмысшы мамандықтары туралы 60-қа жуық ролик шығарылады.

«Astana TV» телеарнасы егінші, сауыншы, тігінші және т.б. жұмысшылардың еңбегі туралы бейнероликтер дайындауда.

«Жетінші арна» телеарнасы жұмысшы мамандықтар жылына байланысты бейнероликтер дайындайтынын атап өтті.

2-тармақ бойынша. Еліміздің жалпыға бірдей қолжетімді кітапханаларында жыл ішінде «Жұмысшы мамандығы жылы» бойынша іс-шараларды ұйымдастыру жоспарлануда. Сонымен бірге бірқатар өңірлердегі кітапханаларда (*Атырау, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ұлытау, Шығыс Қазақстан облыстары*) «Объективтегі мамандық», «Еңбек адамы», «Жұмысшы – қастерлі мамандық», «Асқақ абырой – адал еңбекте!», «Мамандық әлеміне саяхат» атты фотокөрмелер ұйымдастыру көзделген. Ал Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында жыл бойына жұмысшы мамандықтар иелерінің фотогалереясы ұйымдастырылатын болады.

3-тармақ бойынша.

Жұмысшы мамандықтары жылы шеңберінде интернет кеңістігінде жан-жақты ақпараттық-танымдық науқан жүргізілуде, ол халықтың хабардар болуын арттырып қана қоймай, еңбек мамандықтарына оң имидж қалыптастыруға ықпал етеді.

Instagram, TikTok, Facebook, Telegram-да сұхбаттарды жариялау, қысқа бейнероликтер, инфографикалар, плакаттар, визуалдар, телеграфтар және т.б. жасау арқылы ақпаратты ілгерілетудің өзекті құралдарын пайдалана отырып, бұл жұмыс дәстүрлі БАҚ-та және әлеуметтік желілерде жүргізіледі.

Ресми порталдарда, мамандандырылған ресурстарда және медиа алаңдарында талдамалық материалдар, мамандармен сұхбаттар, деректі және оқыту бейнероликтері жарияланып, мамандықтардың перспективалары мен маңыздылығын жан-жақты ашып көрсетеді. Жарияланған материалдар еңбек адамының объективті және жан-жақты бейнесін және кәсіби мүмкіндіктерін қалыптастыруға септігін тигізеді.

Әлеуметтік желілерде қазіргі заманғы коммуникация форматтары қолданылады. Онлайн-трансляциялар, подкасттар, инфографика, сондай-ақ қысқа бейнероликтер мен стористер кең аудиторияны, оның ішінде жастарды

тартуға және еңбек мамандықтарын дамыту мен қолдауға байланысты тақырыптар бойынша белсенді пікірталас тудыруға мүмкіндік береді. Мұндай өзара іс-қимыл форматы ұрпақ өкілдері мен кәсіби қауымдастықтар арасында серпінді және сындарлы диалог қалыптастыруға ықпал етіп, осы бастаманың қоғам санасына және азаматтардың өзіндік кәсіби санатына әсерін күшейтеді.

Жыл басынан бастап Министрлік жұмысшы мамандықтар жылын ақпараттық сүйемелдеу бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында барлығы 583 материал, оның ішінде республикалық БАҚ-та – 211 (*телеарналар – 161, газеттер – 50*), өңірлік БАҚ-та – 263 (*телеарналар - 137, газеттер - 126*), интернет-ресурстарда 109 материал жариялап, әлеуметтік медиада 669 мазмұнды жазба орналастырды.

Жоғарыда айтылғанның негізінде Министрлік аталған бағыттағы жұмысты жүйелді түрде жүргізуде.

Құрметпен,
Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрі

А. Балаева

✍ Н. Альжаппаров
☎ 74-06-34
n.alzapparov@mki.gov.kz